Орыс тілінде	Акционерное Общество «Қаражыра»	АО «Қаражыра»
Ағылшын тілінде	«Karazhyra» Joint Stock Company	«Karazhyra» JSC

4) *эмитенттің атауы өзгерген жағдайда, оның барлық бұрынғы толық және қысқаша атаулары, сондай-ақ олардың өзгерген күндері көрсетіледі*

Эмитенттің атауы өзгерген жоқ, Қоғам «Қаражыра ЛТД» ЖШС-н «Қаражыра» АҚ-на түрлендіру арқылы қайта құру нәтижесінде құрылды.

5) *егер эмитент заңды тұлғаны (заңды тұлғаларды) қайта құру нәтижесінде құрылса, қайта құрылған заңды тұлғаларға және (немесе) эмитентке қатысты құқықмирасқорлық туралы мәліметтер көрсетіледі*

Эмитент «Қаражыра ЛТД» ЖШС бүкіл мүлкінің, барлық құқықтары мен міндеттемелерінің құқықмирасқоры болып табылады.

6) *Эмитенттің филиалдары мен өкілдіктері болған жағдайда, олардың атаулары, тіркеу (қайта тіркеу) күндері, заңды тұлғалардың филиалдарын (өкілдіктерін) есептік тіркеу туралы анықтамаға сәйкес эмитенттің барлық филиалдары мен өкілдіктерінің орналасқан жерлері мен пошталық мекен-жайлары көрсетіледі*

Эмитенттің филиалдары мен өкілдіктері жоқ.

7) *эмитенттің бизнес-сәйкестендіру нөмірі*

БСН: 021240000409.

8) *ISO 17442 «Financial services - Legal Entity Identifier» (LEI) халықаралық стандартына сәйкес Legal Entity Identifier коды (болған жағдайда)*

Жоқ.

2. Байланыс телефондарының, факс нөмірлерінің және электрондық пошта дерекжайының көрсетілуімен, сондай-ақ эмитенттің іс жүзіндегі мекен-жайы заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамада көрсетілген эмитенттің орналасқан жерінен өзгеше болған жағдайда, іс жүзіндегі мекен-жайының көрсетілуімен, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамаға сәйкес эмитенттің орналасқан жері

Орналасқан жері	Қазақстан Республикасы, 071412, Шығыс Қазақстан облысы, Семей қаласы, Боранбай Би көшесі, 93 үй
Байланыс телефоны	Тел.: +7 (7222) 30-22-07
Факс	Факс: +7 (7222) 30-21-89
Электрондық пошта дерекжайы	E-mail: mail@karazhyra.kz

2 БӨЛІМ. ЭМИССИЯЛЫҚ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР ТУРАЛЫ, ОЛАР ҮШІН ТӨЛЕМ ТӘСІЛДЕРІ ЖӘНЕ ОЛАР БОЙЫНША ТАБЫС АЛУ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

3. Облигациялардың шығарылуы туралы мәліметтер

1) облигациялардың түрлері

Қамтылмаған купондық облигациялар.

2) бір облигацияның номиналды құны (егер бір облигацияның номиналды құны индекстелген шама болса, қосымша түрде бір облигацияның номиналды құнын есептеу тәртібі көрсетіледі)

1 000 (бір мың) теңге.

3) облигациялардың саны

20 000 000 (жиырма миллион) дана.

4) облигациялар шығарылымының жалпы көлемі

20 000 000 000 (жиырма миллиард) теңге.

5) облигацияның номиналды құнының валютасы, облигациялар бойынша негізгі қарыз және (немесе) есептелген сыйлықақы бойынша төлем валютасы

Облигацияның номиналды құны Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы – теңгемен есептеледі.

Эмитент негізгі қарыз бен есептелген сыйлықақы бойынша төлемдерді қолма-қолсыз тәртіпте теңгемен жүргізеді.

4. Орналастырылатын облигациялар үшін төлем тәсілі

Облигацияларды сатып алу кезінде олар үшін төлем ақша құралдарымен қолма-қолсыз тәртіпте теңгемен жүргізіледі.

5. Облигациялар бойынша табыс алу

- 1) облигациялар бойынша сыйлықақы мөлшерлемесі (егер облигациялар бойынша сыйлықақы мөлшерлемесі индекстелген шама болса, облигациялар бойынша сыйлықақы мөлшерлемесін есептеу тәртібі қосымша түрде көрсетіледі)

Облигациялар бойынша сыйлықақы мөлшерлемесі облигациялар айналымының бүкіл мерзімінде бекітілген болып табылады және облигациялардың номиналды құнының жылдық 14% (он төрт пайызын) құрайды.

- 2) сыйлықақыны төлеу мерзімділігі және (немесе) облигациялар бойынша сыйлықақы төлеу күндері

Сыйлықақы төлеу жылына 2 (екі) рет, облигациялар айналымының бүкіл мерзімінің ішінде облигация айналымы басталған күннен бастап қатарынан 6 (алты) айдан кейін жүргізіледі.

- 3) облигациялар бойынша сыйлықақыны есептеу басталатын күн

Облигациялар бойынша сыйлықақы есептеу облигациялар айналымы басталған күннен басталады, бұл «Қазақстанның қор биржасы» АҚ ережелеріне сәйкес облигацияларды орналастыру бойынша алғашқы саудалауды өткізу күніне сәйкес келеді.

- 4) облигациялар бойынша сыйлықақы төлеу тәртібі мен шарттары, облигациялар бойынша сыйлықақы алу тәсілі

Сыйлықақыны төлеу төлем жүргізілетін кезеңнің соңғы күні басталған жағдай бойынша (бұдан әрі – «Бекіту күні») облигацияларды ұстаушылардың тізілімінде тіркелген облигацияларды ұстаушылардың банктік шоттарына Бекіту күнінен кейінгі 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде Эмитенттің ақша аударуы арқылы жүзеге асырылады.

Облигациялар бойынша сыйлықақы төлеу күнінде Облигациялар бойынша сыйлықақы мөлшері Облигациялардың номиналды құны мен купондық сыйлықақының жартыжылдық мөлшерлемесінің көбейтіндісі ретінде есептеледі.

Сыйлықақының соңғы төлемі облигациялар бойынша негізгі қарыздың төленуімен бірге жүргізіледі.

Облигацияларды ұстаушы Қазақстан Республикасының резиденті болмаса, облигацияларды ұстаушының Қазақстан Республикасының аумағында теңгелік банктік шоты болған жағдайда, облигациялар бойынша сыйлықақы төлеу теңгемен жүргізіледі. Төлем жүргізу кезінде теңгені басқа валютаға конвертациялауға (тек қана АҚШ Доллары немесе Еуро) эмитент Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмайтын облигацияларды ұстаушыдан

сәйкес төлемнен кем дегенде 5 (бес) күнтізбелік күн бұрын сәйкес жазбаша мәлімдеме алған жағдайда жол беріледі. Аталған конвертация төлем жүргізу күні Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі орнатқан бағам бойынша жүзеге асырылады. Теңгені басқа валютаға конвертациялау (тек қана АҚШ Доллары немесе Еуро) Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмайтын облигацияларды ұстаушының есебінен жүргізіледі. Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмайтын облигацияларды ұстаушының пайдасына облигациялар бойынша төлем жүргізілген жағдайда, теңгені басқа валютаға конвертациялауға жол берілмейді. Конвертация кезіндегі эмитенттің шығындары Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмайтын облигацияларды ұстаушыға аударылуы тиіс сомадан ұсталады.

5) *облигациялар бойынша сыйлықақыны есептеу үшін қолданылатын уақыт кезеңі*

Сыйлықақыны есептеу облигациялар айналымының бүкіл мерзімінде жүргізіледі.

Облигациялар бойынша сыйлықақы төлеу облигациялар айналымының бүкіл мерзімінде жылына 360 (үш жүз алпыс) күн және айына 30 (отыз) күн уақыт есебінен жүргізіледі.

6. Арнайы қаржы компаниясының облигацияларын шығару үдерісінде жобалық қаржыландыру кезінде қосымша мыналар көрсетіледі

- 1) *ақша талаптарының сипаттамасы, бөлінген активтердің құрамына кіретін талап қою құқықтары бойынша ақша түсімінің шарттары мен болжалды мерзімдері*
- 2) *облигацияларды ұстаушыларға негізгі шарт бойынша құрылған мүлкіктің меншік иесінің ауысқаны туралы, арнайы қаржы компаниясының органдарына кредиторлардың өкілдерін енгізу және олардың өкілеттіліктері туралы ақпарат беру тәртібі*
- 3) *бөлінген активтердің есебінен жүзеге асырылатын жобалық қаржыландыру және активтерді инвестициялық басқару мәмілесіне қызмет көрсетумен байланысты арнайы қаржы компаниясының шығындар тізбесі.*

Эмитент арнайы қаржы компаниясы болып табылмайды.

7. Арнайы қаржы компаниясының облигацияларын шығару үдерісінде секьюритизация кезінде қосымша мыналар көрсетіледі

- 1) *оригинатордың, кастодиан-банктің, инвестициялық портфельді басқарушының, арнайы қаржы компаниясының және талап қоюдың шегінім құқықтары бойынша төлемдерді жинайтын тұлғаның атауы мен орналасқан жері*
- 2) *секьюритизация мәмілесінде оригинатор қызметінің мәні, құқықтары мен міндеттері*

- 3) талап қою құқықтарының сипаттамасы, бөлінген активтердің құрамына кіретін талап қою құқықтары бойынша ақша түсімінің шарттары, тәртібі мен мерзімі, және олардың орындалуын қадағалауды жүзеге асыру тәртібі
- 4) бөлінген активтер бойынша уақытша бос түсімдерді инвестициялау тәртібі
- 5) секьюритизация мәмілесі бойынша қызметер үшін төлеумен байланысты шығындар және арнайы қаржы компаниясы бұл шығындарды бөлінген активтерден шегеруге құқылы болатын шарттар
- 6) оригинатордың және секьюритизация мәмілесіне қатысатын тұлғалардың секьюритизацияны қолдану тәжірибесі туралы мәліметтер
- 7) секьюритизация мәмілесін қамтамасыз ететін бөлінген активтердің мөлшері, құрамы және өсімінің болжалды талдауы
- 8) талап қою құқықтарының біркелкілік критерийлері
- 9) облигациялық бағдарлама шегінде шығарылған әртүрлі шығарылым облигацияларын өтеу кезегі

Эмитент арнайы қаржы компаниясы болып табылмайды.

3 БӨЛІМ. ЭМИССИЯЛЫҚ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРДЫ ОРНАЛАСТЫРУ, АЙНАЛЫМҒА ШЫҒАРУ, ӨТЕУ ШАРТТАРЫ МЕН ТӘРТІБІ, СОНДАЙ-АҚ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫ ТУРАЛЫ ЗАҢНЫҢ 15 ЖӘНЕ 18-4 БАПТАРЫМЕН ОРНАТЫЛМАҒАН ОБЛИГАЦИЯЛАРДЫҢ ӨТЕУІН ТӨЛЕП АЛУДЫҢ ҚОСЫМША ШАРТТАРЫ

8. Облигацияларды орналастыру шарттары мен тәртібі

- 1) Облигацияларды орналастыру басталған күн

Облигацияларды орналастыру басталған күн облигациялардың айналымы басталған күн болып табылады.

- 2) облигацияларды орналастыру аяқталған күн

Облигацияларды орналастыру аяқталған күн облигациялар айналымының соңғы күні болып табылады.

- 3) облигацияларды орналастыру жоспарланған нарық (ұйымдастырылған және (немесе) ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығы)

Облигациялар ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығына орналастырылады.

9. Облигациялар айналымының шарттары мен тәртібі

- 1) облигациялардың айналымы басталған күн

Облигациялардың айналымы басталған күн «Қазақстанның қор биржасы» АҚ ережелеріне сәйкес облигацияларды орналастыру бойынша алғашқы саудалауды өткізу күні болып табылады.

Облигациялар айналымының басталу күні туралы хабарлама Эмитенттің интернет-ресурстарында (www.karazhyra.kz) «Қазақстанның қор биржасы» АҚ (www.kase.kz) интернет-ресурстарында жарияланады.

2) *облигациялар айналымы аяқталған күн*

Облигациялардың айналымы аяқталған күн облигациялар айналымының соңғы күні болып табылады.

3) *облигациялар айналымының мерзімі*

облигациялар айналымы басталған күннен бастап 10 (он) жыл.

4) *Облигациялар айналымы жоспарланған нарық (ұйымдастырылған және (немесе) ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығы)*

Облигациялар ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығының айналымында бола алады.

10. Облигацияларды өтеу шарттары мен тәртібі

1) *облигацияларды өтеу күні*

Облигациялар айналымының соңғы күнінен кейінгі 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде.

2) *облигацияларды өтеу тәсілі*

Осы шығарылымның облигациялары үшін төлем қолма-қолсыз тәртіппен ақша құралдарымен теңгемен жүргізіледі.

Негізгі қарыздың сомасын өтеу облигациялар айналымының соңғы күні басталған жағдай бойынша облигацияларды ұстаушылардың тізілімінде тіркелген және алу құқығына ие облигацияларды ұстаушылардың банктік шоттарына ақша аудару арқылы облигациялардың номиналды құны бойынша жүзеге асырылады.

Негізгі қарыз сомасын төлеу облигациялар айналымының соңғы күнінен кейінгі 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде соңғы купондық сыйлықақының төленуімен бірге жүзеге асырылады.

Облигацияларды ұстаушы Қазақстан Республикасының резиденті болмаса, облигацияларды ұстаушының Қазақстан Республикасының аумағында теңгелік банктік шоты болған жағдайда, облигациялар бойынша сыйлықақы төлеу теңгемен жүргізіледі. Төлем жүргізу кезінде теңгені басқа валютаға конвертациялауға (тек қана АҚШ Доллары немесе Еуро) эмитент Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмайтын облигацияларды ұстаушыдан сәйкес төлемнен кем дегенде 5 (бес) күнтізбелік күн бұрын сәйкес жазбаша мәлімдеме алған жағдайда жол беріледі. Аталған конвертация төлем жүргізу күні

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі орнатқан бағам бойынша жүзеге асырылады. Теңгені басқа валютаға конвертациялау (тек қана АҚШ Доллары немесе Еуро) Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмайтын облигацияларды ұстаушының есебінен жүргізіледі. Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмайтын облигацияларды ұстаушының пайдасына облигациялар бойынша төлем жүргізілген жағдайда, теңгені басқа валютаға конвертациялауға жол берілмейді. Конвертация кезіндегі эмитенттің шығындары Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмайтын облигацияларды ұстаушыға аударылуы тиіс сомадан ұсталады.

- 3) *егер облигацияларды өтеу кезінде сыйлықақы мен номиналды құнын төлеу облигацияларды шығару аңдатпасына сәйкес өзге мүлкіктік құқықтармен жүргізілсе, осындай құқықтардың сипаттамасы, оларды сақтау тәсілдері, бағалау тәртібі және аталмыш құқықтарды бағалауға құқыққабілетті тұлғалар, сондай-ақ осы құқықтардың көшуін іске асыру тәртібі көрсетіледі.*

Облигацияларды өтеу кезінде номиналды құны мен сыйлықақы төлеу өзге мүлкіктік құқықтармен жүргізілмейді.

11. Бағалы қағаздар нарығы туралы Заңның 15 және 18-4 баптарымен орнатылмаған облигациялардың өтеуін төлеп алудың қосымша шарттары болған жағдайда, мыналар көрсетіледі

- 1) *облигациялардың өтеуін төлеп алу құқығын іске асыру тәртібі, шарттары*

Директорлар кеңесінің шешімімен Эмитент облигациялар айналымының бүкіл мерзімінде ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған нарықтарда Эмитент өз облигацияларының өтеуін төлеп алуға құқылы.

- 2) *облигациялардың өтеуін төлеп алу құқығын іске асыру мерзімдері*

Директорлар кеңесі облигациялардың өтеуін төлеп алу туралы шешім қабылдаған күннен кейінгі күннен бастап 3 (үш) жұмыс күн ішінде Эмитент облигацияларды ұстаушылардың ықтимал әрекеттерінің тізбесін, соның ішінде Эмитентке жүгіну тәртібі мен мерзімінің көрсетілуімен, Директорлар кеңесінің шешімін облигацияларды ұстаушыларға Эмитенттің корпоративтік интернет-ресурсына (www.karazhyra.kz), «Қазақстанның қор биржасы» АҚ ресми интернет-ресурсына (www.kase.kz) және Қаржы есептілігі депозитарийінің веб-порталына (www.dfo.kz) орналастыру үшін жазбаша хабарландыру беру арқылы хабарлайды.

Облигацияларды ұстаушылардың кез келгені облигациялардың өтеуін төлеп алу туралы сәйкес ақпарат алғаш рет жарияланған күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде облигацияларды ұстаушыға тиесілі облигациялардың өтеуін төлеп алу туралы Эмитенттің орналасқан мекен-жайы бойынша жазбаша өтініш жолдауға құқылы.

Эмитенттің облигациялардың өтеуін төлеп алу туралы шешім қабылдауы облигацияларды ұстаушылардың өздеріне тиесілі облигацияларды Эмитентке сату міндеттемесінің туындауына себеп болып табылмайды.

Эмитенттің облигациялардың өтеуін төлеп алу бағасы:

- «Қазақстанның қор биржасы» АҚ сауда алаңында мәміле жасау күнінде қалыптасқан нарықтық құнына қарай, бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында мәміле жасасу кезінде;
- бағалы қағаздардың ұйымдастырылмаған нарығында мәміле жасасу кезінде – мәміле тараптарының келісімі бойынша анықталады.

Облигациялардың өтеуін төлеп алу Эмитент облигациялардың өтеуін төлеп алу туралы сәйкес ақпарат алғаш рет жарияланғаннан кейін 35 (отыз бес) күнтізбелік күн ішінде Эмитентпен жүзеге асырылады.

Өтеуі төлеп алынбаған облигациялар өтелген болып саналмайды және Эмитентпен қайта орналастырыла алады.

Ұстаушылары өздеріне тиесілі облигациялардың өтеуін төлеп алу туралы жазбаша талап қоймаған облигациялар осы Аңдатпамен көзделген тәртіпте облигациялар айналымының мерзімі аяқталғанда өтеледі.

Эмитенттің облигациялардың өтеуін төлеп алуы облигацияларының өтеуі төлеп алынатын облигацияларды ұстаушылардың құқықтарының бұзылуына алып келмеуі тиіс.

4 БӨЛІМ. КОВЕНАНТТАР (ШЕКТЕУЛЕР) БОЛҒАН ЖАҒДАЙДА

12. Бағалы қағаздар нарығы туралы Заңмен көзделмеген қосымша ковенанттар (шектеулер) орнатылса, мыналар көрсетіледі

1) эмитент қабылдайтын және бағалы қағаздар нарығы туралы заңда көзделмеген ковенанттардың (шектеулердің) сипаттамасы

Облигациялар айналымының бүкіл мерзімінде Эмитент келесі қосымша ковенанттарды (шектеулерді) сақтауы тиіс:

- Эмитент пен «Қазақстанның қор биржасы» АҚ арасында жасалған листинг шартымен орнатылған жылдық және аралық қаржы есептілігін ұсыну мерзімдерінің бұзылуына жол бермеу;
- Эмитент пен «Қазақстанның қор биржасы» АҚ арасында жасалған листинг шартымен орнатылған Эмитенттің жылдық қаржы есептілігі бойынша аудиторлық есептерді тапсыру мерзімдерінің бұзылуына жол бермеу

2) ковенанттарды (шектеулерді) бұзғанда эмитенттің әрекет ету тәртібі

Жоғарыда көзделген ковенанттардың (шектеулердің) кез келгені бұзылған жағдайда:

- Эмитент бұзушылықтың туындау себебін анықтайды;
- Эмитент бұзушылық орын алған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күн ішінде бұзушылықтың туындау себебінің толық түсіндірілуімен, бұзушылықты жою

тәсілі мен мерзімінің көрсетілуімен, осы бұзушылық туралы ақпаратты облигацияларды ұстаушыларға хабарлайды. Ақпараттандыру «Қазақстанның қор биржасы» АҚ ресми интернет-ресурсында (www.kase.kz) және Қаржы есептілігі депозитарийінің веб-порталында (www.dfo.kz) ақпаратты орналастыру арқылы жүзеге асырылады;

- Эмитент бұзушылықтың салдарын жояды;
- Эмитент болашақта мұндай бұзушылықтарды болдырмау мақсатында шаралар қабылдайды.

3) *ковенанттар бұзылған жағдайда, облигацияларды ұстаушылардың әрекет ету тәртібі*

Облигацияларды ұстаушылар Эмитенттің ковенанттардың (шектеулердің) кез келгенін бұзғаны туралы ақпаратпен «Қазақстанның қор биржасы» АҚ ресми интернет-ресурсында (www.kase.kz) немесе Қаржы есептілігі депозитарийінің веб-порталында (www.dfo.kz) таныса алады.

Эмитенттің ковенанттардың (шектеулердің) кез келгенін бұзғаны туралы ақпарат алғаш рет жарияланғаннан кейінгі 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде облигацияларды ұстаушылар өтеуін төлеп алуға ұсынылған облигациялар санының көрсетілуімен, өздеріне тиесілі облигациялардың өтеуін төлеп алу туралы жазбаша өтініштерді Эмитенттің мекен-жайына ұсынуға құқылы, ал оларды Эмитент қабылдауға міндетті.

Өздеріне тиесілі облигациялардың өтеуін төлеп алу туралы жазбаша талап қоймаған облигацияларды ұстаушылар осы Аңдатпамен көзделген тәртіпте облигациялардың айналым мерзімі аяқталғанда өздеріне тиесілі облигацияларды өтеуге құқылы.

5 БӨЛІМ. ЭМИССИЯЛЫҚ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРДЫ КОНВЕРТАЦИЯЛАУ ШАРТТАРЫ, МЕРЗІМІ МЕН ТӘРТІБІ (КОНВЕРТАЦИЯЛАНАТЫН БАҒАЛЫ ҚАҒАДАР ШЫҒАРЫЛҒАН ЖАҒДАЙДА)

13. Конвертацияланатын облигацияларды шығару кезінде келесі мәліметтер қосымша түрде көрсетіледі

- 1) *облигациялар конвертацияланатын акцияларды орналастыру түрі, саны мен бағасы, осындай акциялар бойынша құқықтар*
- 2) *облигацияларды конвертациялау тәртібі мен шарттары (облигациялардың шығарылымы толық конвертацияланатын болса, конвертациялау аяқталған күннен бастап 1 (бір) ай ішінде облигациялардың шығарылымы жойылуы тиіс, егер облигациялардың көрсетілімі толық конвертацияланбаса, бұл шығарылымның өтеуі төлеп алынған облигациялары ары қарай орналастырылмайды, айналым мерзімінің соңында өтеледі деп көрсетіледі).*

Облигациялар конвертацияланбайды.

**6 БӨЛІМ. ОСЫ МҮЛІК ҚҰНЫНЫҢ КӨРСЕТІЛУІМЕН, ШЫҒАРЫЛҒАН
ОБЛИГАЦИЯЛАР БОЙЫНША МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІҢ ТОЛЫҚ НЕМЕСЕ
ІШІНАРА ҚАМТЫМЫ БОЛЫП ТАБЫЛАТЫН ОБЛИГАЦИЯЛАР
ЭМИТЕНТІНІҢ МҮЛКІ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР (ҚАМТЫЛҒАН
ОБЛИГАЦИЯЛАР БОЙЫНША)**

14. Шығарылған облигациялар бойынша міндеттемелердің толық немесе ішінара қамтымы болып табылатын эмитенттің мүлкі туралы мәліметтер

- 1) *осы мүлктің құнының көрсетілуімен шығарылған облигациялар бойынша қамтымның сипаттамасы*
- 2) *қамтым құнының облигациялар шығарылымының жиынтық көлеміне пайыздық қатынасы*
- 3) *кепіл мәнін өндіріп алу тәртібі*

Облигациялар қамтылмаған болып табылады.

15. Кепілдік берген банктің атауы, орналасқан жері, кепілшарт деректемелері, кепілдік мерзімі мен шарттарының көрсетілуімен, банктің деректері (егер облигациялар банк кепілдігімен қамтылса)

Облигациялар банк кепілдігіне ие емес.

16. Концессия шартының және Қазақстан Республикасы Үкіметінің инфрақұрылымдық облигацияларды шығару кезінде мемлекеттің кепілгерлігін беру туралы қаулысының деректемелері

Облигациялар инфрақұрылымдық болып табылмайды.

**7 БӨЛІМ. ОБЛИГАЦИЯЛАРДЫ ОРНАЛАСТЫРУДАН АЛЫНҒАН
АҚШАНЫ НЫСАНАЛЫ ПАЙДАЛАНУ**

17. Облигацияларды орналастырудан алынған ақшаны нысаналы пайдалану

- 1) *эмитент облигацияларды орналастырудан алатын ақшаны пайдаланудың нақты мақсаттары*

облигацияларды орналастырудан алатын ақша эмитенттің инвестициялық қызметіне бағытталады, ашып айтқанда «Жылы Ресурс» ЖШС и «KEREM EQUIPMENT LTD» ЖШС («КЕРЕМ ИКВИПМЕНТ ЛТД») жарғылық қорларының 100% қатысу үлесін сатып алуға пайдаланылады.
- 2) *инфрақұрылымдық облигацияларды шығару кезінде облигацияларды ұстаушылардың өкілімен жасалған шарттың талаптарына сәйкес облигацияларды ұстаушылардың өкілінің қызметтері үшін төлеумен байланысты шығындар көрсетіледі*

Облигациялар инфрақұрылымдық болып табылмайды.

18. Төлем айналым мерзімі аяқталған, бұған дейін эмитентпен орналастырылған (эмитентпен өтеуі төлеп алынған облигациялардан басқа) облигациялар бойынша талап қою құқықтарымен жүргізілетін облигацияларды шығару кезінде осы облигациялардың шығарылымын мемлекеттік тіркеу нөмірі мен күні, олардың түрі мен саны, сондай-ақ облигацияларды шығару көлемі, облигациялар бойынша жиналған және төленбеген сыйлықақы сомасы қосымша көрсетіледі

Көзделмеген.

8 БӨЛІМ. ЭМИТЕНТТІҢ ОРНАЛАСТЫРЫЛҒАН (АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМ ӨТЕУІН ТӨЛЕП АЛҒАНДАРДАН ӨЗГЕ) АКЦИЯЛАРДЫҢ (ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛДАҒЫ ҚАТЫСУ ҮЛЕСТЕРІНІҢ) ОН ЖӘНЕ ОДАН АРТЫҚ ПАЙЫЗЫН ИЕЛЕНЕТІН ҚҰРЫЛТАЙШЫЛАР НЕМЕСЕ ІРІ АКЦИОНЕРЛЕР (ҚАТЫСУШЫЛАР) ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

19. Эмитенттің орналастырылған (акционерлік қоғам өтеуін төлеп алғаннан өзге) акциялардың (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерінің) он және одан артық пайызын иеленетін құрылтайшылар немесе ірі акционерлер (қатысушылар) туралы мәліметтер

- 1) құрылтайшының немесе ірі акционердің (қатысушының) тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) (жеке тұлға үшін)*
- 2) құрылтайшының немесе ірі акционердің (қатысушының) толық атауы, орналасқан жері (заңды тұлға үшін)*
- 3) құрылтайшыға немесе ірі акционерге тиесілі эмитенттің дауыс беруші акцияларының немесе жарғылық капиталының қатысу үлестерінің дауыс беруші акциялардың немесе эмитенттің жарғылық капиталындағы қатысу үлестерінің жалпына санына пайыздық қатынасы*
- 4) құрылтайшы немесе ірі акционер (қатысушы) эмитенттің дауыс беруші акцияларының немесе жарғылық капиталындағы қатысу үлестерінің он және артық пайызын иелене бастаған күн*

Ірі акционердің тегі, аты, әкесінің аты	Орналасқан жері	Эмитенттің орналастырылған акцияларының он және одан артық пайызын иеленетін ірі акционерге тиесілі дауыс беруші акциялардың саны және Эмитенттің дауыс беруші акцияларының жалпы санына пайыздық қатынасы	Ірі акционер Эмитенттің дауыс беруші акцияларының он және одан артық пайызын иелене бастаған күн
Огай Эдуард Викторович	Қазақстан Республикасы, Алматы қ.	201 000 (екі жүз бір мың) қарапайым акциялар (20,1%)	20 мамыр 2016 ж. (100 000 (жүз мың) қарапайым акцияларды (10%) иелене бастады)
Джуманбаев Владимир Викторович	Қазақстан Республикасы, Алматы қ.	200 000 (екі жүз мың) қарапайым акциялар (20%)	20 мамыр 2016 ж. (100 000 (жүз мың) қарапайым акцияларды (10%) иелене бастады)
Нигматулин Ерлан Зайруллаевич	Қазақстан Республикасы, Алматы қ.	100 000 (жүз мың) қарапайым акциялар (10%)	30 наурыз 2017 ж.
Огай Владислав Эдуардович	Қазақстан Республикасы, Алматы қ.	249 500 (екі жүз қырық тоғыз мың бес жүз) қарапайым акциялар (24,95%)	12 желтоқсан 2019 ж.
Огай Элина Эдуардовна	Қазақстан Республикасы, Алматы қ.	249 500 (екі жүз қырық тоғыз мың бес жүз) қарапайым акциялар (24,95%)	12 желтоқсан 2019 ж.

9 БӨЛІМ. ЭМИТЕНТТІҢ БАСҚАРУ ОРГАНЫ ЖӘНЕ АТҚАРУШЫ ОРГАНЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

20. Эмитенттің басқару органы туралы мәліметтер

- 1) директорлар кеңесінің немесе бақылау кеңесінің төрағасының және мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) (директорлар кеңесіндегі тәуелсіз директордың (директорлардың) көрсетілуімен)
- 2) директорлар кеңесінің немесе бақылау кеңесінің мүшелерін сайлау күні және соңғы 3 (үш) жыл ішіндегі және қазіргі уақытта хронологиялық тәртіпте еңбек өтілі туралы мәліметтер
- 3) эмитенттің директорлар кеңесінің әрбір мүшесіне тиесілі эмитенттің дауыс беруші акцияларының пайыздық қатынасы, немесе эмитенттің бақылау кеңесінің әрбір мүшесіне тиесілі эмитенттің жарғылық капиталындағы қатысу үлестерінің дауыс беруші акциялардың жалпы санына немесе эмитенттің жарғылық капиталындағы қатысу үлестерінің жалпы санына пайыздық қатынасы

Эмитенттің басқару органы Директорлар кеңесі болып табылады.

Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) <i>Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау күні</i>	Директорлар кеңесінің мүшелерінің соңғы 3 (үш) жылдағы және қазіргі уақытта хронологиялық тәртіпте еңбек өтілі туралы мәліметтер	Директорлар кеңесінің әр мүшесіне тиесілі Эмитенттің дауыс беруші акцияларының Эмитенттің дауыс беруші акцияларының жалпы санына пайыздық қатынасы
Директорлар кеңесінің төрағасы:		
Джуманбаев Владимир Викторович <i>Сайланған күні: 10.08.2006</i>	31.12.2004 – қазіргі уақытта – «Vertex Holding» ЖШС Бас директоры 10.08.2006 – қазіргі уақытта – «Қаражыра» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы 17.07.2017 – қазіргі уақытта – «АК «Алтыналмас» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы 23.11.2018 – қазіргі уақытта – «Kazakhmys Coal (Казахмыс Коал)» ЖШС Бақылау кеңесінің төрағасы	«Қаражыра» АҚ дауыс беруші акцияларының 20%

	28.11.2018 – қазіргі уақытта – «Kazakhmys Energy (Казахмыс Энерджи)» ЖШС Бақылау кеңесінің мүшесі 28.11.2018 – қазіргі уақытта – «ГРЭС Топар» ЖШС Бақылау кеңесінің мүшесі 26.08.2019 – қазіргі уақытта – «Қазақалтын КБК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі	
Директорлар кеңесінің мүшелері:		
Макишев Маргулан Мусалимович, <i>Сайланған күні: 12.08.2016</i>	12.08.2016 – қазіргі уақытта – «Қаражыра» АҚ Бас директоры	Жоқ
Қыдыров Мирбек Талайбекович, <i>Тәуелсіз директор, Сайланған күні: 12.08.2017</i>	18.12.2012 – 30.06.2020 – «Verum» ЖШС директоры 01.07.2014 – 12.06.2017 – «Нобл Трейдинг» ЖШС Бас директоры 31.03.2015 – қазіргі уақытта – «Коннект Энерго» ЖШС директоры 04.07.2016 – қазіргі уақытта – «Steppe Clover Kazakhstan» (Степ Кlover Казахстан) ЖШС Бас директоры 12.08.2017 – қазіргі уақытта – «Қаражыра» АҚ Директорлар кеңесінің тәуелсіз директоры 10.12.2018 – 03.05.2019 – «Аман Мұнай» ЖШС Бас директорының м.а.	

4) эмитенттің еншілес және тәуелді ұйымдарында директорлар кеңесінің немесе бақылау кеңесінің әр мүшесіне тиесілі акциялардың (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерінің) аталған ұйымдардың орналастырылған акцияларына (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) пайыздық қатынасы

Эмитенттің еншілес және тәуелді ұйымдары жоқ.

21. Эмитенттің атқарушы органының біртұлғалық қызметін атқаратын алқалық орган немесе тұлға

- 1) *атқарушы органның біртұлғалық қызметін атқаратын тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты немесе алқалық атқарушы органның басшысының немесе мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)*

Эмитенттің біртұлғалық атқарушы органы Бас директор – Макишев Маргулан Мусалимович болып табылады.

- 2) *атқарушы органның біртұлғалық қызметін атқаратын тұлғаның немесе алқалық атқарушы органның өкілеттіліктерінің көрсетілуімен сайлау күні және олардың соңғы 3 (үш) жылдағы және қазіргі уақытта хронологиялық тәртіпте еңбек өтілі туралы мәліметтер*

Сайланған күні: 12.08.2016 – қазіргі уақытта.

Бас директор Жарғының талаптарына, Акционерлердің жалпы жиналысының, Директорлар кеңесінің шешімдеріне және Ішкі құжаттарға сәйкес Шаруашылық қызметтің жүргізілуі және ағымдағы жетекшілік ету үшін жауапты. Бас директор Жарғының қағидаларына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес директорлар кеңесімен лауазымына тағайындалады және лауазымынан алыстатылады.

Бас директор Қоғамның атынан өздігінен, нәтижесінде сәйкес күнтізбелік жылда Директорлар кеңесімен бекітілген бюджеттің аясында ғана Қоғамның ақшалай міндеттемелері туындайтын немесе туындауы мүмкін қандай да бір мәмілелер мен өзге әрекеттерді жасауға құқылы.

Бас директор Заңнамаға сәйкес сенімхат рәсімдеу арқылы өз өкілеттіліктерін табыстауға құқылы. Қажеттілік бойынша Бас директор бұйрық немесе сенімхат рәсімдеу арқылы өз өкілеттіліктерін бас директордың орынбасарына табыстайды.

Бас директор:

- Акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесінің шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;
- үшінші тұлғалармен қарым-қатынаста сенімхатсыз Қоғамның атынан әрекет етеді;
- үшінші тұлғалармен қарым-қатынаста Қоғамды өкілдеуге сенімхаттар береді;
- Қоғамның қызметкерлерін қабылдау, ауыстыру және жұмыстан шығаруды жүзеге асырады, тәртіптік жаза қолданады, Директорлар кеңесі бекіткен Қоғамның штаттық кестесіне сәйкес лауазымдық жалақы мен жалақыға үстемақының мөлшерін орнатады, Қоғам қызметкерлеріне сыйақы мөлшерін анықтайды;
- Директорлар кеңесінің шешімінің негізінде және нұсқауы бойынша Бас директордың орынбасарымен еңбек шартына қол қояды;

- өзі болмаған жағдайда, өз міндеттерінің орындалуын бас директордың орынбасарына жүктейді;
- Қоғамның заң кеңесшілерін тағайындайды және ауыстырады;
- Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Құрылтай құжаттармен орнатылған тәртіпте Қоғамның атынан мәмілелер жасасады;
- Қоғамның барлық қызметкерлерінің өкімдерін орындау үшін міндетті шешімдер (қаулылар) қабылдайды және өкімдер береді;
- Директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың өз қызметін орындауы үшін Қоғамның Шаруашылық қызметіне қатысты ақпараттың, соның ішінде құпия сипаттағы ақпараттың уақытылы, сұранысты алған сәттен бастап 10 (он) күннен кешіктірмей берілуін қамтамасыз етеді;
- Қоғамның, оның еншілес кәсіпорындарының қаржы-шаруашылық қызметі туралы жылдық ақпаратты әзірлейді, мақұлдайды және Қоғамның Директорлар кеңесіне ұсынады;
- Қоғамның ішкі қызметінің мәселелері бойынша шешім қабылдайды;
- Акционерлердің жалпы жиналысы немесе Директорлар кеңесі берген өзге өкілеттіліктерді жүзеге асырады.

3) *эмитенттің атқарушы органының біртұлғалық қызметін атқаратын тұлғаға немесе эмитенттің алқалық атқарушы органының әрбір мүшесіне тиесілі дауыс беруші акциялардың немесе жарғылық капиталға қатысу үлестерінің дауыс беруші акциялардың жалпы санына немесе эмитенттің жарғылық капиталындағы қатысу үлестерінің жалпы санына пайыздық қатынасы*

Бас директордың дауыс беруші акциялары жоқ.

22. Эмитенттің атқарушы органының өкілеттіліктері басқа коммерциялық ұйымға (басқарушы ұйымға) табысталған жағдайда, мыналар көрсетіледі

- 1) *басқарушы ұйымның толық және қысқаша атауы, орналасқан жері*
- 2) *басқарушы ұйымның атқарушы органының біртұлғалық қызметін атқаратын тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) немесе алқалық атқарушы орган мүшелерінің және басқарушы ұйымның директорлар кеңесінің (бақылау кеңесінің) мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)*
- 3) *осы тармақтың 2) тармақшасында аталған тұлғаларды сайлау күні және соңғы 2 (екі) жылда хронологиялық тәртіпте еңбек өтілі туралы мәліметтер*
- 4) *осы тармақтың 2) тармақшасында аталған тұлғаларға тиесілі басқарушы ұйымның дауыс беруші акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерінің) басқарушы ұйымның дауыс беруші акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерінің) жалпы санына пайыздық қатынасы*

- 5) осы тармақтың 2) тармақшасында аталған тұлғаларға тиесілі жарғылық капиталдағы қатысу үлестерінің эмитенттің жарғылық капиталындағы қатысу үлестерінің жалпы санына пайыздық қатынасы

Бұл тармақтың талаптары акционерлік қоғамдарға таралмайды.

10 БӨЛІМ. ЭМИТЕНТ ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ ТҮРЛЕРІНІҢ КӨРСЕТІЛУІМЕН ЭМИТЕНТТІҢ ҚАРЖЫ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ КӨРСЕТКІШТЕРІ

23. Эмитент қызметінің түрлері

- 1) қызметінің негізгі түрі

эмитенттің негізгі қызметі «Қаражыра» кен орнында таскөмірді барлау, бастапқы өңдеу, тасымалдау және іске асыру.

- 2) маусымдық сипатқа ие қызмет түрлерінің көрсетілуімен, эмитент қызметінің түрлерінің қысқаша сипаттамасы және эмитенттің жалпы табысындағы олардың үлесі

Эмитент таскөмірді өндірумен және іске асырумен айналысады (үлес: 100%).

Көмірді іске асыру маусымдық сипатқа ие. Тиеп жөнелтулердің негізгі көлемі күз-қыс кезеңіне сәйкес келеді және жылыту маусымымен байланысты.

- 3) эмитенттің бәсекелестері болып табылатын ұйымдар туралы мәліметтер

Қазақстан Республикасының оңтүстігінде Эмитенттің негізгі бәсекелесі «Шұбаркөл Көмір» АҚ болып табылады. Бәсекелес өндіретін көмір Д маркалы таскөмірге қатысты, көмірден аз күл қалады, калориялылығы жоғары, жылу шығару мүмкіндігі жоғары.

Солтүстікті негізгі бәсекелестер «Майкубен-Вест» ЖШС және «Разрез Кузнецкий» ЖШС болып табылады, олар Майкөбе және Кузнецкий разрездерінде көмір өндіреді, сәйкесінше олардың сапасы Эмитент өнімінің сапасынан кем (беріктігі, калориялылығы төмен, сақтау мерзімі қысқа).

- 4) эмитент қызметінің негізгі түрлері бойынша сату табыстылығына (жұмыстардың, қызметтердің) оң және кері әсерін тигізетін факторлар

- көмір нарығында баға ауытқулары және мұнымен байланысты өнімге деген сұраныстың ауытқулары;
- Қазақстанда өнеркәсіптік өндірістің өсімі және электр энергиясын, жылу энергиясын, буды тұтынудың артуы;
- өндірістік шектеулер, соның ішінде жабдықтың істен шығуы, еңбек даулары мен технологиялық шектеулер;
- ұзақтығы мен ауқымын анықтау мүмкін емес әлемдік қаржы дағдарысының жалғаспалы ықпалы;

- жанармайдың басқа түрлеріне көшу (газ, кокс) және энергия үнемдейтін технологияларға көшу;
- көлік бағдарларының болуы немесе тасымалдау құны және тасымалдаудың ұйымдастырылуы үшін алынатын төлем;
- Эмитенттің қызметіне немесе өндірістік қуатына ықпал ететін оқиғалар немесе жоспарланбаған оқиғалар;
- ауа-райы және стихиялық апаттар;
- салық талаптарының өзгеруі, соның ішінде салық мөлшерлемелерінің өзгеруі, жаңа салық заңнамасының қабылдануы және салық заңнамасының түсіндірілуін қайта қарау;
- көмір нарығындағы үлесті ұлғайту бойынша Эмитенттің мүмкіндіктері;
- Қазақстан мен халықаралық нарықтардағы экономикалық және саяси ахуал, соның ішінде мемлекеттік органдардағы өзгерістер;
- Ресей Федерациясы мен Украинаны қоса алғанда, Қазақстанмен бір өңірде орналасқан елдердегі тұрақсыздық пен тәртіпсіздіктердің ықпалы;
- көмір экспортына ықпал ететін оқиғалар немесе шарттар;
- көмір өндірісін кеңейту бойынша Эмитенттің жоспарларын жүзеге асыру.

5) *эмитенттің лицензиялары (патенттер) және олардың әрекет ету кезеңі, зерттеу мен әзірлеу шығындары, соның ішінде эмитент демеуші болатын зерттеу әзірленімдерінің шығындары туралы ақпарат*

Эмитент қызмет түрлерімен айналысу үшін келесі лицензияларға ие:

1. 20.06.2016 жылғы № 16009935 лицензия – кен және химия өндірістерін пайдалану. Лицензиар – Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігінің Индустриалдық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті РММ. Әрекет ету мерзімі – мерзімсіз.
2. 21.06.2016 жылғы № 16010000 лицензия – бұрынғы ядролық сынақ полигондарында және ядролық сынақтардың нәтижесінде ластанған басқа аумақтарда қызмет жүргізу. Лицензиар – Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігінің Атом және энергетикалық бақылау және қадағалау комитеті ММ. Әрекет ету мерзімі – мерзімсіз.
3. 23.06.2016 жылғы № 16010146 лицензия - құрылыс-монтаждау жұмыстары (II санат), иеліктен шығарылмайды, I класс. Лицензиар – Шығыс Қазақстан облысының Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасы ММ, Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі. Әрекет ету мерзімі – мерзімсіз.
4. 23.08.2016 жылғы № 002715DF лицензия – медициналық қызметпен айналысу, I класс. Лицензиар – Шығыс Қазақстан облысы бойынша Денсаулық сақтау басқармасы РММ, Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі. Әрекет ету мерзімі – мерзімсіз.

5. 03.04.2017 жылғы № 17005547 лицензия – прекурсорлар айналымымен байланысты қызметпен айналысу, 1 класс. Лицензиар – Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі. Әрекет ету мерзімі – 5 (бес) жыл.
6. 23.02.2018 жылғы № 18003971 лицензия – жарылғыш және пиротехникалық (азаматтық емес) заттектер және олардың қолданылуымен жасалатын бұйымдарды әзірлеу, өндіру, сатып алу және іске асыру, иеліктен шығарылмайды, 1 класс. Лицензиар – Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігінің Индустриалдық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті РММ. Әрекет ету мерзімі – мерзімсіз.
7. 15.03.2018 жылғы №18005391 лицензия – қалааралық, облысаралық, ауданаралық (қалааралық облысшілік) және халықаралық бағыттарда автобустармен, микроавтобустармен жолаушыларды тұрақсыз тасымалдау, сондай-ақ халықаралық бағыттарда автобустармен, микроавтобустармен жолаушыларды тұрақты тасымалдау, иеліктен шығарылмайды, 1 класс. Лицензиар – Шығыс Қазақстан облысының Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы, Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі. Әрекет ету мерзімі – мерзімсіз.

- б) іске асырылатын өнімнің (көрсетілетін жұмыстардың, қызметтердің) жалпы көлеміндегі эмитентке жеткізілетін (көрсетілетін) шикізаттағы (жұмыстардағы, қызметтердегі) импорттың үлесі және эмитент экспортқа шығаратын (көрсететін) өнімнің (жұмыстардың, қызметтердің) үлесі

2020 жылдың 9 айының ішінде іске асырылатын өнімнің жалпы көлеміндегі Эмитентке жеткізілетін (көрсетілетін) шикізаттағы (жұмыстардағы, қызметтердегі) импорттың үлесі 1% құрады.

2020 жылдың 9 айының ішінде іске асырылатын өнімнің жалпы көлеміндегі Эмитент іске асыратын өнімнің үлесі 16% құрады.

- 7) эмитенттің қатысуымен өтетін сот үдерістерінің мәнісінің көрсетілуімен, эмитенттің қызметін тоқтату немесе қызметін өзгерту, одан ақшалай және өзге міндеттемелердің өндіріп алыну тәуекелімен байланысты сот үдерістеріне эмитенттің қатысуы туралы мәліметтер

Эмитент қызметін тоқтату немесе қызметін өзгерту, одан ақшалай және өзге міндеттемелердің өндіріп алыну тәуекелімен байланысты сот үдерістеріне қатыспайды.

- 8) эмитенттің қызметіне ықпал ететін басқа тәуекел факторлары

Осы Аңдатпаның 11 бөлімінің 34 тармағында көрсетілген.

24. Арадағы тауарайналымы (көрсетілетін жұмыстардың, қызметтердің) өндірілетін немесе тұтынылатын тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) жалпы құнының 10 (он) және одан артық пайызын құрайтын эмитенттің тауарларын (жұмыстарын, қызметтерін) тұтынушылар мен жеткізушілер туралы мәліметтер

2020 жылдың 9 айының ішінде Эмитенттің тауарларын келесі тұтынушылар өндірілетін тауарлардың жалпы құнының 10 (он) және одан артық пайызын құрады:

№	Атауы	Мың теңге	Үлес
1	«ВостокУгольПром» ЖШС	6 870 910	21%
2	«Өскемен ЖЭО» ЖШС	6 709 538	21%

2020 жылдың 9 айының ішінде Эмитенттің тауарларының (жұмыстарының, қызметтерінің) келесі жеткізушілері тұтынылатын тауарлардың (жұмыстардың, қызметтерінің) жалпы құнының 10 (он) және одан артық пайызын құрады:

№	Атауы	Мың теңге	Үлес
1	«KEREM EQUIPMENT LTD» ЖШС	7 864 736	34%
2	«ВостокУгольПром» ЖШС	8 631 423	33%
3	«Жылы Ресурс» ЖШС	4 400 828	16%

25. Әр активтің сәйкес теңгерімдік құнының көрсетілуімен, эмитент активтерінің жалпы көлемінің 10 (он) және одан артық пайызын құрайтын эмитенттің активтері

№	Атауы	30.09.2020 жылғы жағдай бойынша теңгерімді құны, мың теңге	Активтердегі үлесінің жиыны
1	Сауда және өзге дебиторлық берешек	6 714 428	27%
2	Ажырату шығындары	3 818 247	15%
3	Негізгі құралдар	2 911 805	12%

26. Эмитент активтерінің теңгерімдік құнының 10 (он) және одан артық пайызы мөлшерінде дебиторлық берешек:

- 1) эмитенттің алдындағы берешегі эмитенттің активтерінің теңгерімдік құны 10 (он) және одан артық пайызын құрайтын эмитенттің дебиторларының атауы
- 2) өтелуі тиіс сәйкес сомалар (алдағы 12 (он екі) ай ішінде тоқсан бойынша бөлінеді, қалған сомалар өтеу күнінің көрсетілуімен жылдарға бөлінеді) және оларды өтеу мерзімдері

2020 жылдың 30 қыркүйектегі жағдай бойынша Эмитенттің дебиторлары жоқ, Эмитенттің алдындағы оның жеке берешегі активтердің теңгерімдік құнының 10 (он) және одан артық пайызын құрады.

27. Эмитент міндеттемелерінің теңгерімдік құнының 10 (он) және одан артық пайызын құрайтын эмитенттің кредиторлық берешегі:

- 1) эмитент кредиторларының атауы
- 2) өтелуі тиіс сәйкес сомалар (алдағы 12 (он екі) ай ішінде тоқсан бойынша бөлінеді, қалған сомалары өтеу күнінің көрсетілуімен жылдарға бөлінеді) және оларды өтеу мерзімдері

2020 жылдың 30 қыркүйектегі жағдай бойынша Эмитенттің жеке берешегі міндеттемелердің теңгерімдік құнының 10 (он) және одан артық пайызын құрайтын кредиторлар төменде келтірілген (өзге көрсетілмесе, барлық мәндер мың теңгемен көрсетілген):

№	Атауы	30.09.2020 ж. жағдай бойынша теңгерім	0-3 ай	3-6 ай	6-9 ай	9-12 ай	12 айдан астам	Міндетте лердегі жиынтық үлесі
1	«KEREM EQUIPMENT LTD» ЖШС	2 016 794	2 016 794	–	–	–	–	16%

28. Эмитенттің леверидж шамасы

Эмитенттің леверидж шамасы екі соңғы аяқталған қаржы жылдарының әрбіреуінің соңғы күніндегі жағдай бойынша, сондай-ақ облигациялардың шығарылымын немесе облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеуге құжаттарды беру алдында соңғы тоқсанның соңындағы жағдай бойынша немесе облигациялардың шығарылымын немесе облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеуге құжаттарды беру алдында соңғының алдындағы тоқсанның қорытындылары бойынша эмитенттің қаржы есептілігі ұсынылса - облигациялардың шығарылымын немесе облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеуге құжаттарды беру алдында соңғының алдындағы тоқсанның соңындағы жағдай бойынша көрсетіледі.

Эмитенттің қаржы есептілігінің деректеріне сәйкес леверидж шамасы мыналарды құрайды:

- 2018 жылдың 31 желтоқсанында – 0,7;
- 2019 жылдың 31 желтоқсанында – 0,5;
- 2020 жылдың 30 қыркүйекте – 1,0.

29. Аудиторлық есеппен расталған қаржы есептілігінің негізінде есептелген екі соңғы аяқталған қаржы жылында эмитенттің қызметінен түскен таза ақша ағымы

Эмитенттің аудит жүргізілген қаржы есептілігі бойынша 2018 және 2019 жылдары ақша құралдары мен олардың баламаларының таза азайтылуы /ұлғайтылуы мыналарды құрады:

- 2018 жыл – (2 329 966) мың теңге;
- 2019 жыл – (18 020) мың теңге.

30. Облигациялардың осы шығарылымы туралы шешім қабылдау күніне дейін эмитенттің қарыз бағалы қағаздарының барлық тіркелген шығарылымдары туралы мәліметтер (өтелген және жойылған облигациялар шығарылымдарынан басқа)

Облигациялардың шығарылымы туралы шешім қабылдау күніне дейін Эмитенттің тіркелген облигациялардың шығарылымдары жоқ.

11 БӨЛІМ. ЭМИТЕНТ ЖӘНЕ ОЛ ОРНАЛАСТЫРАТЫН ЭМИССИЯЛЫҚ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР ТУРАЛЫ ҚОСЫМША МӘЛІМЕТТЕР

31. Облигацияларды ұстаушыға берілетін құқықтар

1) облигациялардың шығарылымы аңдатпасында көзделген мерзімде эмитенттен облигациялардың номиналды құнын алу немесе өзге мүліктік баламасын алу құқығы, сондай-ақ ол бойынша бекітілген облигациялардың номиналды құнының пайызын немесе облигациялар шығарылымының аңдатпасында орнатылған өзге мүліктік құқықтарды алу құқығы

- осы Аңдатпамен көзделген ковенанттар (шектеулер) бұзылған жағдайда;
- Бағалы қағаздар туралы заңның 15 бабының 2 тармағымен және 18-4 бабының 2 тармағының 1) және 2) тармақшасымен орнатылған жағдайларда;

Эмитент Бағалы қағаздар туралы заңның 15 бабының 2 тармағымен орнатылған шарттардың кез келгенін бұзған жағдайда, өтеуін төлеп алу жинақталған сыйлықақының ескерілуімен облигациялардың бағасы бойынша жүзеге асырылады.

Бағалы қағаздар туралы заңның 15 бабының 2 тармағымен және 18-4 бабының 2 тармағының 1) және 2) тармақшасымен орнатылған жағдайлар орын алғанда, Эмитент келесі бағалардың ең үлкені бойынша орналастырылған облигациялардың өтеуін төлеп алуға міндетті.

Бағалы қағаздар туралы заңның 15 бабының 2 тармағымен және 18-4 бабының 2 тармағының 1) және 2) тармақшасымен көзделген негіздердің кез келгені туындаған жағдайда, Эмитент аталған негіздердің кез келгені орын алғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күн ішінде Биржаның ресми интернет-ресурстарында (www.kase.kz) және Қаржы есептілігі депозитарийінің

(www.dfo.kz) ресми интернет-ресурстарында жариялау арқылы облигациялардың өтеуін төлеп алу туралы ақпаратты жеткізуге міндетті. Бұл ақпарат облигациялардың өтеуін төлеп алу негіздерінің қайсысы орын алғанының толық сипаттамасынан, сондай-ақ қажеттілік бойынша басқа ақпараттан тұруы тиіс.

Жоғарыда аталған ақпараттық хабарламаның алғаш рет жариялану күнінен кейінгі 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде Облигацияларды ұстаушылар өтеуін төлеп алу мәлімделген Облигациялар санының көрсетілуімен өтеуін төлеп алу туралы жазбаша мәлімдемелерді ұсынуға құқылы, ал Эмитент оларды қабылдауға міндетті.

Облигациялардың өтеуін төлеп алу туралы кем дегенде бір жазбаша мәлімдеме алынған жағдайда, Эмитенттің Директорлар кеңесі өтеуін төлеп алу туралы жазбаша мәлімдемелерді қабылдау кезеңінің соңғы күнінен кейінгі 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде төмендегілер туралы шешім қабылдауға міндетті:

- Облигациялардың өтеуін төлеп алу;
- Облигациялардың өтеуі төлеп алынатын баға;
- өтеуіп алынатын Облигациялардың саны;
- Облигациялардың өтеуін төлеп алу күні – бұл ретте өтеуін төлеп алу күні Эмитенттің Директорлар кеңесі Облигациялардың өтеуін төлеп алу туралы шешім қабылданған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей тағайындалуы тиіс.
- есеп айырысу тәртібі: (а) Облигацияларды ұстаушылардың тізілімін жүргізу қызметін жүзеге асыратын орталық депозитарийге Облигацияларды ұстаушылардың бұйрық беру тәртібі және (б) өтеуі төлеп алынған Облигациялар үшін төлем ретінде Облигацияларды ұстаушыға ақша құралдарын аудару тәртібі;
- Эмитенттің Облигациялардың өтеуінің төлеп алынуы үшін қажет өзге шешімдер.

Эмитенттің Директорлар кеңесі Облигациялардың өтеуін төлеп алу туралы шешім қабылданған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күн ішінде Биржаның (www.kase.kz) және ҚЕД (www.dfo.kz) ресми интернет-ресурстарында сәйкес ақпараттық хабарламаны орналастыру арқылы осындай шешімнің қабылданғаны туралы ақпаратты Облигацияларды ұстаушыларға хабарлауға міндетті.

Облигациялардың өтеуін төлеп алу Облигацияларды ұстаушылар ұсынған жазбаша мәлімдемелерге қарай жүзеге асырылады. Жазбаша өтініш қалдырмаған Облигацияларды ұстаушылар облигациялар айналымыаяқталғанда өздерінің Облигацияларының өтелуіне құқылы.

2) эмитенттің облигациялардың өтеуін төлеп алуды талап ету құқығын іске асыру шарттарының, тәртібі мен мерзімдерінің көрсетілуімен, соның ішінде облигациялар шығарылымының аңдатпасымен көзделген ковенанттар (шектеулер) бұзылған жағдайда, эмитенттің облигациялардың өтеуін төлеп алуды талап ету құқығы

- Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген жағдайларда, соның ішінде осы Аңдатпамен көзделген ковенанттар (шектеулер) бұзылған жағдайда, Эмитенттің облигациялардың өтеуін төлеп алуын талап ету құқығы.

3) өзге құқықтар

- Қазақстан Республикасының заңнамасымен және «Қазақстанның қор биржасы» АҚ талаптарымен көзделген тәртіпте ақпарат алу құқығы;
- Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген жағдайларда және тәртіпте облигацияларға қатысты өз талаптарын қанағаттандыру құқығы;
- облигацияларды еркін иеліктен шығару және өзге жолмен иелік ету құқығы;
- Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген жағдайларда және тәртіпте облигацияларға меншік құқығынан туындайтын өзге құқықтар.

32. Эмитент облигациялары бойынша дефолт жариялау ықтималдылығы бар оқиғалар туралы мәліметтер

1) эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялау ықтималдылығы бар оқиғалардың тізбесі

Дефолт – Эмитенттің облигациялар бойынша міндеттемелерін орындамауы болып табылады (бұдан әрі – «Дефолт»). Дефолт жариялау ықтималдылығы бар оқиғалар:

- осы Аңдатпамен көзделген негізгі қарыз және (немесе) купондық сыйлықақыны төлеу мерзімдері аяқталғанда, облигациялар бойынша негізгі қарыз және (немесе) купондық сыйлықақы сомасын төлеу бойынша Эмитенттің міндеттемелерін толық немесе ішінара орындамауы;

Дефолт болып табылмайды:

- Эмитенттің сыйлықақыны және (немесе) номиналды құнды төлеуі мүмкін емес ететін төлемеу және (немесе) толық төлемеу Эмитенттің облигацияларды ұстаушылардың банктік шотының жалған немесе толық емес деректемелерін беруі немесе «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ-ның Эмитентке облигацияларды ұстаушылардың тізілімін заңнамамен және онымен жасалған шартпен орнатылған мерзімде бермеуі нәтижесі болса, эмитенттің сыйлықақы және (немесе) облигациялардың номиналды құнын орнатылған мерзімде төлемеуі немесе толық төлемеуі.

- егер бұл ырықсыз күш жағдаяттарының салдары болса, Эмитенттің өз міндеттемелерін толық немесе ішінара орындамауы. Ырықсыз күш жағдаяттарының орын алуын болжау немесе болдырмау мүмкін емес жағдаяттар (стихиялық апаттар, әскери қимылдар, уәкілетті органдардың тыйым салу немесе шектеу сипатындағы актілері және т.б.) түсініледі. Ырықсыз күш жағдаяттарының орын алуы Қазақстан Республикасының заңнамасымен орнатылған тәртіпте Эмитентпен расталуы тиіс. Ырықсыз күш жағдаяттары туындаған жағдайда, Эмитенттің өз міндеттемелерін орындау мерзімі осындай жағдаяттар мен олардың салдары әрекет ететін уақыт кезеңіне шамалас шегеріледі .

- 2) *облигациялар бойынша сыйлықақы төлеу міндеттемелері орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған жағдайда, облигацияларды ұстаушылардың құқықтарын қорғау шараларын қоса алғанда, облигациялар бойынша дефолт орын алғанда эмитент қабылдайтын шаралар, соның ішінде міндеттемелерді қайта құрылымдастыру тәртібі мен шарттары*

Дефолт орын алған жағдайда, Эмитент осындай Дефолт оқиғасын тудырған себептерді жою үшін және облигацияларды ұстаушылардың құқықтарын қамтамасыз ету үшін барлық күшін салады.

Эмитент қабылдайтын шаралар Эмитенттің төлемқабілеттілігін қалпына келтіруге және облигациялар бойынша міндеттемелерді өтеуге бағытталған, Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін кез келген басқарушылық, қайта құру, инвестициялық, техникалық, қаржы-экономикалық, құқықтық және өзге шараларды қамтиды.

Міндеттемелердің құрылымын өзгерту тәртібі мен шарттары Эмитент пен Облигацияларды ұстаушылардың арасында келіссөздер арқылы шешіледі. Эмитенттің міндеттемелерінің құрылымын өзгерту туралы шешімді Облигация өз иесіне беретін құқықтардың ескерілуімен, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кредиторлардың келісімімен Директорлар кеңесі қабылдайды.

- 3) *эмитенттің облигацияларды ұстаушыларға дефолт дерегі туралы, орындалмаған міндеттемелердің көлемі, міндеттемелерді орындамау себебі, өз талаптарын қанағаттандыру бойынша облигацияларды ұстаушылардың ықтимал әрекеттерін атап өту, облигацияларды ұстаушылардың эмитентке, облигациялар бойынша эмитенттің өз міндеттемелерін орындамауы немесе тиісінше орындамауы жағдайында эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе субсидиарлық жауапкершілікті көтеретін тұлғаларға талаппен жүгіну тәртібі туралы мәліметтерді қамтитын ақпаратты жеткізу тәртібі, мерзімі мен тәселдері*

Дефолт туындаған жағдайда, Эмитент облигацияларды ұстаушыларға Дефолт оқиғасының туындауы туралы осы Аңдатпада орнатылған мерзімде Эмитенттің кінәсінен купондық сыйлықақыны және (немесе) негізгі қарызды төлемеу немесе толық төлемеу күнінен 3 (үш) жұмыс күн бұрын Эмитенттің корпоративтік

интернет-ресурсында (www.karazhyra.kz), «Қазақстанның қор биржасы» АҚ ресми интернет-ресурсында (www.kase.kz) және Қаржы есептілігі депозитарийінің веб-порталында (www.dfo.kz) төмендегілерден тұратын хабарландыру жариялау арқылы хабарлайды:

- Дефолт дерегі туралы ақпарат;
- Дефолт туындаған күні Эмитенттің орындалмаған міндеттемелерінің көлемі;
- Дефолттың туындауына алып келген міндеттемелерді орындамау себептері;
- өз талаптарын қанағаттандыру бойынша облигацияларды ұстаушылардың ықтимал әрекеттерінің тізбесі;
- Эмитентке талап қоюмен облигацияларды ұстаушылардың жүгіну тәртібі мен мерзімі;
- Эмитенттің шешімі бойынша өзге ақпарат.

Облигациялар бойынша дефолт болған жағдайда, Эмитент ақшалай міндеттемені немесе оның сәйкес бөлігін орындау күні Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің ресми қайта қаржыландыру мөлшерлемесіне қарай есептелетін, мерзімі кешіктірілген әр күн үшін облигацияларды ұстаушылардың пайдасына өсімпұл есептеуге және төлеуге міндетті.

Аталған ақпаратты жариялауды өзге заңды тұлғаға тапсыру көзделмеген.

- 4) *эмитент облигациялар бойынша міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе субсидиарлық жауапкершілікті көтеретін тұлғалармен жасалған шарттың нөмірі мен күні, бұл тұлғалардың толық атауы, сондай-ақ оларды мемлекеттік тіркеу күні (мұндай тұлғалар болған жағдайда)*

Эмитент облигациялар бойынша міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, Эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе субсидиарлық жауапкершілікті көтеретін тұлғалар жоқ.

33. Облигацияларды өтеу сәтіне дейін сыйлықақы төлеудің әр кезеңі бойынша сыйлықақыны төлеу және негізгі қарыз сомасын өтеу үшін қажетті эмитенттің ақша құралдарының ағымы мен көздерін болжау

Облигацияларды өтеу сәтіне дейін сыйлықақы төлеудің әр кезеңі бойынша сыйлықақы төлеу және негізгі қарыз сомасын өтеу үшін қажетті Эмитенттің ақша құралдарының ағымы мен көздерін болжау осы Андатпаның №1 Қосымшасында келтірілген.

34. Эмитент орналастыратын облигацияларды сатып алумен байланысты тәуекелдер

1) салалық тәуекелдер – эмитент қызмет ететін саладағы ахуалдың ықтимал нашарлауының оның қызметіне және бағалы қағаздар бойынша міндеттемелерді орындауына ықпалы сипатталады. Эмитенттің пікірінше, саладағы ең маңызды ықтимал өзгерістер келтіріледі (ішкі және сыртқы нарықтарда жеке дара)

Эмитент өз қызметінде пайдаланатын шикізаттың, қызметтердің бағаларының ықтимал өзгеруімен байланысты тәуекелдер (ішкі және сыртқы нарықтарда жеке дара) және олардың эмитенттің қызметіне және оның бағалы қағаздар бойынша міндеттемелерді орындауына ықпалы жеке дара сипатталады және олардың эмитенттің қызметіне және оның бағалы қағаздар бойынша міндеттемелерді орындауына ықпалы жеке дара сипатталады.

Эмитенттің өніміне және (немесе) қызметіне бағалардың ықтимал өзгеруімен байланысты тәуекелдер (ішкі және сыртқы нарықтарда жеке дара) және олардың эмитенттің қызметіне және оның бағалы қағаздар бойынша міндеттемелерді орындауына ықпалы жеке дара сипатталады

Эмитент кен және химия өндірістерін пайдалану, бұрынғы ядролық сынақ полигондарының аумағында және ядролық сынақтардың нәтижесінде ластанған басқа аумақтарда қызмет жүргізу лицензияларына ие. Қазіргі уақытта негізгі міндеттер өндіру мен қайта өңдеу технологиялары мен үдерістерін жетілдіруден тұрады.

Жер қойнауын пайдалану туралы келісім-шартқа сәйкес Эмитент келесі міндеттемелерге ие:

- қаржы міндеттемелерін орындау;
- пайдалану шығындарының 1% мөлшерінде тарату қорына аударымдар жасау;
- қазақстандық кадрларды оқытуды қаржыландыру;
- өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына бюджетке аударымдар жасау.

Жер қойнауын пайдалану туралы заңнамаға сәйкес, көрсетілген мерзімде міндеттемелерді екі реттен артық бұзушылықтарды жоймаған жағдайда және жер қойнауын пайдалану келісім-шартымен орнатылған қаржы міндеттемелерінің екі жыл ішінде отыз пайызынан кем бөлігі орындалған жағдайда, уәкілетті мемлекеттік орган жер қойнауын пайдалану келісім-шартының әрекетін біржақты тәртіпте тоқтатуға құқылы.

Эмитенттің төлемқабілеттілігіне макроэкономикалық факторлар ықпал етеді. Электр энергиясының, жылу энергиясының, бу мен ыстық судың тұтынылуын азайтуға алып келетін ҚР салаларында және цемент өнеркәсібінде өндіріс көлемінің қысқаруы Эмитент өнімдеріне сұраныстың төмендеуін және (немесе) сатып алушылардың тарапынан төлемдердің жүргізілмеуіне алып келуі мүмкін. Сәйкесінше, бұл Эмитенттің төлемқабілеттілігіне айтарлықтай ықпал ете алады.

Көмір бағасының күрт ауытқуы жағдайларында тәуекел туындайды. Эмитенттің тарапынан тәуекелдің осы түрін төмендету кен жұмыстарына қатысты түпнұсқалық шешімдердің қабылдануын, тиімді менеджментті пайдалануды, сондай-ақ өндірістің геологиялық шарттарының (аршу коэффициенті, өндірілетін көмірдің сапасы) қолданылуын көздейді. Осының бәрі максималды нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

- 2) қаржы тәуекелдері – эмитенттің қаржылық жағдайының пайыздық мөлшерлемелердің, шетел валютасының айырбас бағамының, сондай-ақ бағалы қағаздар мен туынды қаржы құралдарының бағаларының өзгеруімен байланысты тәуекелдерге бейімділігі сипатталады

Эмитенттің қаржы активтері мен қаржы міндеттемелерінің теңгерімдестірілмеуінің нәтижесінде (соның ішінде эмитенттің бір немесе бірнеше контрагенттерінің қаржы міндеттемелерін уақытылы орындамаулары салдарынан) және (немесе) эмитенттің өзінің қаржылық міндеттемелерін дереу және бірреттік орындауының күтілмеген қажеттілігі салдарынан туындайтын эмитенттің өз міндеттемелерінің толық көлемде орындалуын қамтамасыз ету қабілетсіздігінің салдарынан эмитенттің шығындарының туындауымен байланысты тәуекелдер жеке дара сипатталады.

Эмитенттің қаржы есептілігі көрсеткіштерінің қайсысы қаржы тәуекелдерінің ықпалының нәтижесінде өзгеріске барынша бейім екені, олардың туындау ықтималдылығы және есептіліктегі өзгерістердің сипаты көрсетіледі.

Эмитенттің ұзақмерзімді даму стратегиясы көмір өндірісі бойынша жобаларды іске асыру үшін қаржыландыруды тартуға негізделеді. Қалыптасқан нарықтық факторлардың және жекелеген әлеуетті кредиторлардың жобаларды бағалауы салдарынан сыртқы қаржыландыру көздері Эмитент үшін қолжетімсіз болуы мүмкін. Егер Эмитент тиімді шарттарда капиталдың сыртқы көздеріне қолжетімділік ала алмаса, бұл оның қызметі және жұмысының нәтижелері, және сәйкесінше, Эмитенттің қаржылық жағдайына кері әсерін тигізуі мүмкін. Нәтижесінде, Эмитент геологиялық барлау жұмыстарының көлемін, операциялық қызметін және/немесе қызметті болжалды кеңейтуді қысқартуға мәжбүр болуы мүмкін, бұл Эмитенттің бизнесіне, табысына, қаржылық жағдайына, өндірістік қызметінің нәтижелеріне айтарлықтай жағымсыз әсерін тигізуі ықтимал.

Егжей-тегжейлі барлау нәтижелерінің негізінде бекітілген қорлар және іс жүзіндегі өндіріс көрсеткіштері экспорттық әлеуеттің игерілмеуі себепті, көмірді байыту күрделілігінің салдарынан өзгешеленуі мүмкін.

- 3) құқықтық тәуекел – төмендегілердің салдарынан эмитенттің шығындарының туындау тәуекелі сипатталады: а) Қазақстан Республикасының валюталық, салық, кеден заңнамасының өзгеруі; б) эмитенттің негізгі қызметін лицензиялау талаптары; в) эмитенттің Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасының талаптарын және жасалған шарттардың талаптарын сақтамауы; г) қызметті жүзеге асыру кезінде жол берілетін құқықтық қателер (қате заңгерлік кеңестемелер алу немесе құжаттарды қате құрастыру, соның ішінде сот органдарында даулы мәселелерді қарау)

Эмитенттің қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі. Эмитент алуантүрлі талаптары, сондай-ақ ықтимал өзгерістердің Эмитент және/немесе Эмитенттің акционерлері үшін салдарымен бірқатар әкімшілік-аумақтық бірліктердің құқықтық жүйелері мен нормативтік-құқықтық талаптарының объектісі болып табылады.

- 4) іскерлік беделінен айырылу тәуекелі (бедел тәуекелі) – эмитенттің қаржылық тұрақтылығы, қаржылық жағдайы, өнімінің (жұмыстарының, қызметтерінің) сапасы немесе жалпы қызметінің сипаты туралы жағымсыз түсініктің қалыптасуы салдарынан клиенттер (контрагенттер) санының азаюы нәтижесінде эмитенттің шығындарының туындау тәуекелі сипатталады

Іскерлік беделінен айырылу тәуекелі Эмитенттің қаржылық жағдайының нашарлауымен, Эмитенттің операциялық және қаржылық қызметімен байланысты жағымсыз оқиғалардың орын алуымен, Эмитенттің міндеттемелерді орындамауымен, бұқаралық ақпарат құралдарында жағымсыз ақпараттың жариялануымен және т.б. байланысты.

- 5) стратегиялық тәуекел – эмитенттің қызметі мен даму стратегиясын (стратегиялық басқару) анықтайтын және эмитенттің қызметіне қауіп төндіруі мүмкін ықтимал қауіптерді есепке алмаудан немесе жеткілікті түрде есепке алмаудан, эмитент бәсекелестерінің алдында артықшылықтарға ие бола алатын қызметтің болашақ бағыттарын қате немесе жеткілікті түрде негізделмеген анықтаудан, эмитент қызметінің стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуін қамтамасыз етуі тиіс қажетті ресурстардың (қаржы, материалдық-техникалық, адами) және ұйымдастырушылық шаралардың (басқару шешімдерінің) болмауынан немесе қамтамасыз етілуінен көрініс табатын шешімдерді қабылдау кезінде жіберілген қателердің (кемшіліктердің) нәтижесінде эмитенттің шығындарының туындау тәуекелі сипатталады

Стратегиялық тәуекел шешім қабылдау кезінде жіберілген және Эмитент үшін ықтимал қауіптер мен тәуекелдерді есепке алмаудан немесе жеткілікті түрде есепке алмаудан көрініс табатын қателердің (кемшіліктердің), қажетті ресурстардың (қаржы, материалдық-техникалық, адами) және ұйымдық шаралардың (басқарушылық шешімдердің) болмауына немесе толық көлемде қамтамасыз етілмеуіне алып келуі мүмкін шешуші сыртқы және реттеу факторларының нәтижесінде Эмитенттің стратегиялық мақсаттар мен бастамаларға қол жеткізе алмау ықтималдылығымен байланысты.

- б) эмитенттің қызметімен байланысты тәуекелдер – эмитенттің қызметіне ғана тән немесе негізгі қаржы-шаруашылық қызметпен байланысты тәуекелдер, соның ішінде мыналармен байланысты тәуекелдер сипатталады: а) эмитенттің белгілі бір қызмет түрімен айналысу немесе айналымда болуы шектеулі объекттерді пайдалану (табиғи ресурстарды қоса алғанда) лицензиясының әрекет ету мерзімін ұзарту мүмкіндігінің болмауы; б) үшінші тұлғалардың, соның ішінде эмитенттің еншілес ұйымдарының қарыздары бойынша эмитенттің ықтимал жауапкершілігі; в) айналымына эмитенттің өнімдерін (жұмыстарын, қызметтерін) сатудан түскен жалпы түсімнің 10 (он) пайызынан кем емес бөлігі сәйкес келетін тұтынушылардан айырылу мүмкіндігі

Қазақстан Республикасының заңнамасы жер қойнауын пайдалану жобаларын іске асыру кезінде Эмитенттен инвестициялық сипаттағы тұрақты шығындар мен айтарлықтай міндеттемелерді талап етеді, ал олар орындалмаған жағдайда, Эмитентке айтарлықтай санкциялар салынуы мүмкін, соның ішінде экологиялық заңнаманы бұзатын қызметті тоқтату, жер қойнауын пайдалану құқығынан айырылу және айыппұлдар. Заңнаманың эволюциялық дамуына, сондай-ақ осы салаға тән анықсыздықтарға орай, Эмитент ұзақмерзімді келешекте қоршаған ортаны қорғау бойынша шығындардың жалпы сомасын шамамен есептей алмайды, бірақ бұл шығындар айтарлықтай жоғары болуы мүмкін. Эмитент қоршаған ортаны қорғау заңнамасын тұрақты сақтау мақсатында қосымша күрделі және басқа шығындарды көтеруі тиіс болуы мүмкін.

- 7) елдік тәуекел – экономикалық, саяси, әлеуметтік өзгерістердің салдарынан, сондай-ақ ақшалай міндеттеме валютасының резиденттілік елінің заңнамасының ерекшеліктеріне байланысты контрагентке қолжетімсіз болуы салдарынан (контрагенттің қаржылық жағдайынан тәуелсіз) шетелдік контрагенттердің (заңды, жеке тұлғалардың) міндеттемелерді орындамауы нәтижесінде эмитенттің шығындарының туындау тәуекелі сипатталады

Эмитент өз қызметін жүзеге асыратын сала мемлекеттік реттеу мәні болып табылады, бұл осы саланың қатысушылары үшін қосымша шығындар мен тәуекелдерге әкеп соқтырады. Эмитенттің қызметі салық заңнамасындағы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамадағы өзгерістерге тәуелді, ал олардың салдарын болжау және есептеу қиын. Заңнамалық талаптар өзгеруі мүмкін, және осындай өзгерістерге алып келуі мүмкін ықтимал шығындарды Эмитент үшін есептеп анықтау мүмкін емес.

Эмитент геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу және Қазақстан Республикасындағы өз активтерін әзірлеу кезінде өз объекттерін әзірлеу үшін уәкілетті органдардың рұқсаттары мен келісушіліктерін алуға тәуелді. Эмитенттің қызметі қолданыстағы келісім-шарттардың талаптарын өзгертуге және/немесе қайта қарауға алып келуі мүмкін заңнамалық жүйенің өзгеру тәуекеліне бейім.

8) операциялық тәуекел – ішкі үдерістерді жүзеге асыру барысында эмитент қызметкерлерінің тарапынан жіберілген кемшіліктер немесе қателердің нәтижесінде, ақпараттық жүйелер мен технологиялардың тиісінше қызмет етпеуі, сондай-ақ сыртқы оқиғалардың салдарынан шығындардың (шығыстардың) туындау тәуекелі сипатталады

1. Сақтандыру жағдайының орын алуы жағдайында шығындарды өтеу.

Эмитент жыл сайын өз мүлкін сақтандырады, сақтандырудың міндетті түрлеріне қосымша (экологиялық және қауіпті объекттердің иелерінің жауапкершілігі) қоршаған ортаға және үшінші тұлғаларға зиян келтірілген жағдайда жауапкершілікті ерікті сақтандыру шарттарын жасайды. Соған қарамастан, зиян сақтандыру сомаларынан артық болса, Эмитентке қауіпті факторлардың әрекеті үшін жауапкершіліктің жүктелу тәуекелі бар.

2. Басқа кәсіпорындардың тарапынан бәсекелестік.

Эмитенттің қаржылық жағдайына, қызмет нәтижелеріне бәсекелестердің тарапынан кері әсер тиюі мүмкін. Бәсекелестердің өнімінің сапасының күрт жақсаруы, көмірге деген сұраныс маусымдық сипатқа ие – нарықтағы көмір ұсынысы, Эмитент көшбасшы болып табылатын өңірлерде бәсекелестердің көмірді сату бағасын төмендетуі. Болашақта барлық осы тәуекелдер болжанбайды, себебі біріншіден, импорттық жабдықтың қымбат болуы салдарынан үлкен материалдық және инвестициялық салымдар қажет. Бұл тиімсіз. Эмитент географиялық қолайлы жерде орналасқан және көлік шығындарының өсімі бәсекелестермен салыстырғанда Эмитентке қатты ықпал етпейді.

Тиімді қызметті жүзеге асыру тәуекелінің маңызды факторы білікті қызметкерлер құрамын тиімді басқару, тарту және ынталандыру қабілеті болып табылады. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында кен өндіру саласында тәжірибесі бар білікті кадрлар тапшылығы бар.

35. Эмитент қатысатын өнеркәсіптік, банктік, қаржы топтары, холдингтер, концерндер, бірлестіктер, консорциумдар туралы ақпарат

- 1) эмитент қатысатын өнеркәсіптік, банктік, қаржы топтары, холдингтер, концерндер, бірлестіктер, консорциумдар, эмитенттің осы ұйымдардағы рөлі (орны), қызметі мен қатысу мерзімі көрсетіледі
- 2) эмитенттің қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері өнеркәсіптік, банктік, қаржы топтарының, холдингтердің, концерндердің, бірлестіктердің, консорциумдардың өзге мүшелеріне айтарлықтай тәуелді болса, осындай тәуелділіктің толық сипаттамасы келтіріледі

Эмитент Қазақстан Республикасының кен өндіру секторындағы кәсіпорындардың бастамасы бойынша 2005 жылы құрылған Кен өндіру және кен-металлургия кәсіпорындарының Республикалық Бірлестігінің (КМКБ) мүшелерінің құрамына

кіреді. Бірлестік Қазақстан Республикасының Ұлттық палатасында аккредитациядан өткен.

Бүгінгі таңда КМКБ құрамына қара және түсті металлургия, уран және көмір өнеркәсібінің 100 жуық компаниялары кіретін Қазақстан Республикасында ірі салалық бірлестік болып табылады.

Эмитент «Қазақстан Республикасындағы ұлттық кәсіпкерлер палатасы туралы» Қазақстан Республикасының заңымен орнатылған тәртіпте және мөлшерде ҚР ҰКП төленетін жылдық міндетті салымдарды төлейді.

36. Егер эмитенттің еншілес және (немесе) тәуелді заңды тұлғалары болса, әрбір осындай заңды тұлға бойынша келесі ақпарат көрсетіледі

- 1) толық және қысқаша атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі (болған жағдайда), орналасқан жері*
- 2) заңды тұлғаны эмитентке қатысты еншілес және (немесе) тәуелді деп тану негіздері*
- 3) еншілес және (немесе) тәуелді заңды тұлғаның жарғылық капиталына эмитенттің қатысу үлесінің мөлшері, еншілес және (немесе) тәуелді заңды тұлға акционерлік қоғам болса, осындай акционерлік қоғамның эмитентке тиесілі дауыс беруші акцияларының үлесі*

Эмитенттің еншілес немесе тәуелді заңды тұлғалары жоқ.

37. Эмитент жарғылық капиталдың он және одан артық пайызын иеленетін ұйымдар (осы қосымшаның 36 тармағында көрсетілген заңды тұлғалардан басқа) туралы мәлімет, әрбір осындай ұйым бойынша мыналар көрсетілуі тиіс: а) толық және қысқаша атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі (болған жағдайда), орналасқан жері; б) жарғылық капиталдағы эмитенттің үлесі, мұндай ұйым акционерлік қоғам болған жағдайда – осындай акционерлік қоғамның эмитентке тиесілі дауыс беруші акцияларының үлесі.

Эмитент ұйымның жарғылық капиталының он және одан артық пайызына ие емес.

38. Эмитенттің кредиттік рейтингтері туралы мәліметтер

- 1) эмитентке және (немесе) эмитенттің бағалы қағаздарына кредиттік рейтинг (рейтингтер) тағайындалған жағдайда, соңғы үш аяқталған есептік жыл ішінде эмитентке тағайындалған кредиттік рейтингтердің әрбіреуі бойынша, ал егер эмитенттің қызметіне 3 (үш) жылдан кем болса – әрбір аяқталған есептік жыл үшін мыналар көрсетіледі: а) кредиттік рейтингті тағайындау объекті (эмитент, эмитенттің бағалы қағаздары); б) облигациялардың шығарылымын (облигациялық бағдарламаны) тіркеу үшін уәкілетті органға құжаттарды тиіпсыру күнінің алдындағы күні кредиттік рейтингтің мәні; в) облигациялардың*

шығарылымын (облигациялық бағдарламаны) тіркеу үшін уәкілетті органға құжаттарды тиіпсыру күнінің алдында соңғы 3 (үш) аяқталған есептік жыл шінде кредиттік рейтинг мәндерінің өзгеру тарихы, ал егер эмитенттің қызметі 3 (үш) жылдан кем болса – кредиттік рейтингтің мәнінің және кредиттік рейтинг мәнін тағайындау (өзгерту) күнінің көрсетілуімен, облигациялардың шығарылымын (облигациялық бағдарламаны) тіркеу үшін уәкілетті органға құжаттарды тиіпсыру күнінің алдындағы әрбір аяқталған есептік жыл үшін; в) кредиттік рейтингті тағайындаған ұйымның толық және қысқаша атауы, орналасқан жері; г) эмитент өз қарауымен көрсететін кредиттік рейтинг бойынша өзге мәліметтер

- 2) кредиттік рейтинг тағайындалған объект эмитенттің бағалы қағаздары болса, қосымша түрде халықаралық сәйкестендіру нөмірі (ISIN коды) және оны тағайындау күні, сондай-ақ кредиттік рейтингті тағайындаған рейтинг агенттінің атауы көрсетіледі

Эмитенттің кредиттік рейтингі жоқ.

39. Эмитенттің облигацияларын ұстаушылардың өкілі туралы мәліметтер (қамтылған, инфрақұрылымдық немесе ипотекалық облигациялар шығарылған жағдайда)

- 1) облигацияларды ұстаушылардың өкілінің толық және қысқаша атауы
- 2) облигацияларды ұстаушылардың өкілінің орналасқан жері, байланыс телефондарының нөмірлері
- 3) облигацияларды ұстаушылардың өкілімен жасалған шарттың күні мен нөмірі

Облигацияларды ұстаушылардың өкілі көзделмеген.

40. Эмитенттің төлем агенті туралы мәліметтер (болған жағдайда)

- 1) төлем агентінің толық атауы
- 2) бағалы қағаздар бойынша табысты (облигациялардың номиналды құнын) төлеуді жүзеге асыратын төлем агенті мен оның барлық филиалдарының орналасқан жері, байланыс телефондарының нөмірлері, деректемелері
- 3) эмитенттің төлем агентімен шартының күні мен нөмірі

Төлем агенті көзделмеген.

41. Эмитенттің кеңесшілері туралы мәліметтер (Бағалы қағаздар нарығы туралы заңға сәйкес эмиссиялық бағалы қағаздардың қор биржасының ресми тізіміне қосу және болу мәселелері бойынша кеңестемелік қызметтер көрсету шартын жасасу міндеті орнатылған)

- 1) қор биржасының ресми тізіміне эмитенттің бағалы қағаздарын қосу және болу мәселелері бойынша кеңестемелік қызметтерді көрсететін тұлғаның толық және қысқаша атауы

Толық атауы – «SkyBridge Invest» акционерлік қоғамы.

Қысқаша атауы – «SkyBridge Invest» АҚ.

- 2) қор биржасының ресми тізіміне эмитенттің бағалы қағаздарын қосу және болу мәселелері бойынша кеңестемелік қызметтерді көрсететін тұлғаның орналасқан жері, байланыс телефондарының нөмірлері

Орналасқан жері – Қазақстан Республикасы, 050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 77/7, «Есентай Тауэр» Бизнес Орталығы, 12 қабат

Байланыс телефоны: +7 (727) 331 3350

- 3) қор биржасының ресми тізіміне эмитенттің бағалы қағаздарын қосу және болу мәселелері бойынша кеңестемелік қызметтерді көрсететін тұлғамен жасалған шарттың күні мен нөмірі

2020 жылдың 17 қыркүйегіндегі № 663-22-10 Қаржы кеңестемелік және андеррайтинг қызметтерін көрсету туралы шарт.

Егер эмитенттің пікірінше, мұндай мәліметтерді жариялау эмитенттің бағалы қағаздарын сатып алу туралы шешім қабылдау үшін маңызды болып табылса, эмитенттің өзге кеңесшілері туралы мәліметтер осы тармақта көрсетіледі.

Өзге кеңесшілер көзделмеген.

42. Эмитенттің аудиторлық ұйымы туралы мәліметтер

- 1) сәйкес аккредитацияланған кәсіби аудиторлық ұйымдарға тиесілілігінің көрсетілуімен, соңғы 2 (екі) аяқталған қаржы жылында эмитенттің қаржы есептілігіне аудит жүргізген аудиторлық ұйымдардың толық ресми атауы (аудитордың тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

«Эрнст энд Янг» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Аудитор «Эрнст энд Янг» ЖШС– Адиль Сыздықов, 2013 жылдың 23 желтоқсанындағы № МФ-0000172 аудитордың біліктілік куәлігі.

«Эрнст энд Янг» ЖШС – Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 2005 жылдың 15 шілдесінде берген сериясы МФЮ-2 № 0000003 Қазақстан Республикасының аумағында аудиторлық қызметпен айналысу құқығын беретін мемлекеттік лицензия.

«Эрнст энд Янг» ЖШС «Қазақстан Республикасының аудиторлар палатасы» КАҰ мүшесі болып табылады.

- 2) *телефон және факс нөмірлері, электрондық пошта дерекжайы (болған жағдайда)*

Қазақстан Республикасы, 050060, Алматы қ., Әл-Фараби дағңылы, 77/7, «Есентай Тауэр» Бизнес Орталығы, тел.: +7 (727) 258 5960.

43. Осы қосымшаның 19, 20, 21 және 22 тармақтарында аталған, бірақ 1998 жылдың 22 сәуіріндегі «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» және 2003 жылдың 13 мамырындағы «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының заңына сәйкес эмитенттің үлестес тұлғалары болып табылатын эмитенттің үлестес тұлғалары

- 1) *жеке тұлға үшін – эмитенттің үлестес тұлғасының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)*

- 2) *заңды тұлға үшін – эмитенттің үлестес тұлғасының толық атауы, орналасқан жері және бірінші басшысының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)*

Егер бұл заңды тұлға жауапкершілігі шектеулі серіктестік ұйымдық құқықтық нысанында құрылса, қатысу үлестерінің көрсетілуімен осы заңды тұлғаның жарғылық капиталында қатысу үлестерінің он немесе одан артық пайызын иеленетін қатысушылары туралы мәліметтер қосымша көрсетіледі: а) жеке тұлға үшін - тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда); б) заңды тұлға үшін – толық атауы, орналасқан жері

- 3) *оларды эмитенттің үлестес тұлғаларына жатқызу негіздері және эмитентпен үлестестік пайда болған күн*

Эмитент заңды тұлғаның жарғылық капиталында акциялардың немесе қатысу үлестерінің он немесе одан артық пайызын иеленетін заңды тұлға болып табылатын эмитенттің үлестес тұлғасына қатысты қосымша мыналар көрсетіледі: а) эмитент заңды тұлғаның жарғылық капиталында акциялардың немесе қатысу үлестерінің он немесе одан артық пайызын иеленетін заңды тұлғаның толық атауы, орналасқан жері және бірінші басшысының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда); б) эмитентке тиесілі жарғылық капиталдағы акциялардың немесе қатысу үлестерініңосы заңды тұлғаның орналастырылған акцияларының немесе жарғылық капиталға қатысу үлестерінің жалпы санына қатынасы; в) эмитент заңды тұлғаның жарғылық капиталында акциялардың немесе қатысу үлестерінің он немесе одан артық пайызын иеленетін заңды тұлғаның қызметінің негізгі түрлері; г) эмитент заңды тұлғаның жарғылық капиталында акциялардың немесе қатысу үлестерінің он немесе одан артық пайызын иелене бастаған күн; д) егер бұл заңды тұлға жауапкершілігі шектеулі

серіктестік ұйымдық құқықтық нысанында құрылса, қатысу үлестерінің көрсетілуімен осы заңды тұлғаның жарғылық капиталында қатысу үлестерінің он немесе одан артық пайызын иеленетін өзге қатысушылары туралы мәліметтер көрсетіледі: (i) жеке тұлға үшін - тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда); (ii) заңды тұлға үшін – толық атауы, орналасқан жері

Облигацияларды шығару кезінде арнайы қаржы компаниясы үлестестікті тану негіздерінің және оның туындау күнінің көрсетілуімен, секьюритизация мәмілесінің тараптарының үлестестігі туралы ақпаратты жариялайды.

Эмитенттің үлестес тұлғалары туралы мәліметтер облигациялардың шығарылымын (облигациялық бағдарламаны) мемлекеттік тіркеу үшін құжаттарды ұсыну күніне дейін қаржы есептілігі депозитарийінің интернет-ресурсында жарияланса, эмитент бұл тармақты толтырмайды.

Эмитент өзінің үлестес тұлғалары туралы мәліметтерді қаржы есептілігі депозитарийінің интернет-ресурсында 2020 жылдың 30 шілдесінде жариялады. Есептің мәртебесі: Қабылданды.

44. Эмитенттің облигацияларды шығару және оларға қызмет көрсету шығындарының сомасы, сондай-ақ бұл шығындардың қалай төленетіні туралы мәліметтер.

Шығындардың атауы	Есеп Негізгі Алаң
«Қазақстанның қор биржасы» АҚ алдын ала алымы	100 АЕК
«Қазақстанның қор биржасы» АҚ қарауы үшін алым	бағалы қағаздарды шығару көлемінің 0,015%, бұл ретте: бағалы қағаздардың барлық шығарылымдары үшін қарау алымының минималды сомасы – 100 АЕК; қарау үшін максималды сома – бағалы қағаздардың барлық шығарылымдары үшін 500 АЕК
«Қазақстанның қор биржасы» АҚ кіріс алымы	бағалы қағаздарды шығару көлемінің 0,015%, бұл ретте: бағалы қағаздардың әрбір шығарылымы үшін кіріс алымының минималды сомасы – 100 АЕК; кіріс алымының максималды сомасы – бағалы қағаздардың әрбір шығарылымды үшін 1 500 АЕК немесе 5 000 АЕК
«Қазақстанның қор биржасы»	Бағалы қағаздардың ең үлкен шығарылымының

АҚ жыл сайынғы алымы	көлемінен 0,025%, бұл ретте: жыл сайынғы алымның минималды сомасы – 100 АЕК; жыл сайынғы алымның максималды сомасы – 2 000 АЕК
«Қазақстанның қор биржасы» АҚ саудалауды ұйымдастыру алымы	Ережелерге сәйкес және саудалауды өткізу әдісіне байланысты
«Бағалы қағаздар орталық депозитарийі» АҚ қызметтері	Ережелерге және көрсетілген қызметтердің көлеміне сәйкес
Қаржы кеңесшісі мен андеррайтер қызметтері	Шартқа және және көрсетілген қызметтердің көлеміне сәйкес
Брокер қызметтері	Шартқа және және көрсетілген қызметтердің көлеміне сәйкес

Эмитент шығындарды өз құралдарының есебінен төлейді.

45. Облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеу кезінде осы қосымшаның 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 31, 32, 33, 39, 40, 41 және 44 тармақтары толтырылмайды.

Қолданылмайды.

46. Тұрақтандыру банкі осы қосымшаның 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43 және 44 тармақтарын толтырмайды.

Қолданылмайды.

«Қаражыра» АҚ
Бас директоры




Макишев М.М.

«Қаражыра» АҚ облигацияларының алғашқы шығарылымының аңдатпасына
№1 ҚОСЫМША

Облигацияларды өтеу сәтіне дейін сыйлықақыны төлеудің әр кезеңі бойынша сыйлықақыны төлеу және негізгі қарыз сомасын өтеу үшін қажетті
Эмитенттің ақша құралдарының ағымдары мен көздерінің болжамы

Барлық ақша сомалары – миллион теңгемен көрсетілген

	2020		2021		2022		2023		2024		2025		2026		2027		2028		2029		2030	
	1 жарты жыл	2 жарты жыл	1 жарты жыл	2 жарты жыл	1 жарты жыл	2 жарты жыл	1 жарты жыл	2 жарты жыл	1 жарты жыл	2 жарты жыл	1 жарты жыл	2 жарты жыл	1 жарты жыл	2 жарты жыл	1 жарты жыл	2 жарты жыл	1 жарты жыл	2 жарты жыл	1 жарты жыл	2 жарты жыл	1 жарты жыл	2 жарты жыл
Көмір сатудан түсетін түсімдер	17 745	26 617	18 632	27 948	19 563	29 345	20 542	30 812	21 569	32 353	22 647	33 971	23 779	35 669	24 968	37 452	26 217	39 325	27 528	41 291	28 904	43 356
Басқа жеткізілім	510	764	535	803	562	843	590	885	619	929	650	976	683	1 024	717	1 076	753	1 129	791	1 186	830	1 245
Келісімшарттық жұмыстар	(8 610)	(10 524)	(9 041)	(11 050)	(9 493)	(11 602)	(9 967)	(12 182)	(10 466)	(12 791)	(10 989)	(13 431)	(11 538)	(14 103)	(12 115)	(14 808)	(12 721)	(15 548)	(13 357)	(16 325)	(14 025)	(17 142)
Жол ақысы	(3 969)	(5 953)	(4 167)	(6 251)	(4 376)	(6 563)	(4 594)	(6 891)	(4 824)	(7 236)	(5 065)	(7 598)	(5 318)	(7 978)	(5 584)	(8 377)	(5 864)	(8 795)	(6 157)	(9 235)	(6 465)	(9 697)
Басқа шығындар	(3 151)	(3 851)	(3 308)	(4 043)	(2 206)	(2 696)	(2 316)	(2 831)	(2 432)	(2 972)	(2 554)	(3 121)	(2 681)	(3 277)	(2 815)	(3 441)	(2 956)	(3 613)	(3 104)	(3 794)	(3 259)	(3 983)
Табыс салығы	(925)	(925)	(891)	(891)	(1 166)	(1 166)	(1 173)	(1 173)	(1 180)	(1 180)	(1 187)	(1 187)	(1 194)	(1 194)	(1 203)	(1 203)	(1 211)	(1 211)	(1 220)	(1 220)	(1 229)	(1 229)
Күрделі шығындар	(1 200)	(2 800)	(1 260)	(2 940)	(1 323)	(3 087)	(1 389)	(3 241)	(1 459)	(3 403)	(1 532)	(3 574)	(1 608)	(3 752)	(1 689)	(3 940)	(1 773)	(4 137)	(1 862)	(4 344)	(1 955)	(4 561)
Таза ақша ағыны	400	3 329	500	3 575	1 562	5 073	1 692	5 379	1 828	5 699	1 971	6 036	2 122	6 389	2 279	6 761	2 445	7 150	2 619	7 559	2 801	7 989
Облигацияларды орналастырудан түскен ақша		20 000																				
Инвестициялар		(20 000)																				
Сыйақы төлеу			(1 400)	(1 400)	(1 400)	(1 400)	(1 400)	(1 400)	(1 400)	(1 400)	(1 400)	(1 400)	(1 400)	(1 400)	(1 400)	(1 400)	(1 400)	(1 400)	(1 400)	(1 400)	(1 400)	(1 400)
Негізгі қарызды төлеу																						(20 000)
Таза жинақталған ағын	400	3 729	2 829	5 004	5 166	8 839	9 131	13 110	13 538	17 837	18 409	23 045	23 766	28 755	29 635	34 995	36 040	41 790	43 009	49 169	50 570	37 159



СВИДЕТЕЛЬСТВО

о государственной регистрации выпуска негосударственных облигаций

17 ноября 2020 года

город Алматы

Агентство Республики Казахстан по регулированию и развитию финансового рынка произвело государственную регистрацию выпуска негосударственных облигаций акционерного общества «Каражыра» (Казахстан, Восточно-Казахстанская область, город Семей, улица Би Боранбая, дом 93), зарегистрированного по бизнес-идентификационному номеру 021240000409.

Выпуск разделен на 20 000 000 (двадцать миллионов) купонных облигаций без обеспечения, которым присвоен международный идентификационный номер (код ISIN) KZ2C00007144.

Номинальная стоимость одной облигации 1 000 (одна тысяча) тенге.

Объем выпуска облигаций составляет 20 000 000 000 (двадцать миллиардов) тенге.


Заместитель Председателя



М. Хаджиева

Серия С

№ 0000035



Мемлекеттік емес облигациялар шығаруды
мемлекеттік тіркеу туралы
КУӘЛІК

2020 жылғы 17 қараша

Алматы қаласы


Қазақстан Республикасының қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі
бизнес - сәйкестендіру нөмірімен тіркелген 021240000409 «Қаражыра»
акционерлік қоғамының (Қазақстан, Шығыс Қазақстан облысы, Семей
қаласы, Би Боранбай көшесі, 93 үй) мемлекеттік емес облигациялар
шығарылымын мемлекеттік тіркеуге алды.

Шығарылым 20 000 000 (жиырма миллион) қамтамасыз етілмеген
купондық облигацияларға бөлінді, оларға KZ2C00007144 халықаралық
сәйкестендіру нөмірі (ISIN коды) берілген.

Бір облигацияның номиналды құны 1 000 (бір мың) теңге.

Облигациялар шығарылымының көлемі 20 000 000 000 (жиырма миллиард)
теңге болады.

Төрағаның орынбасары



М. Хаджиева

Серия С

№ 0000035